**БЕКІТЕМІН**
**«Жүсіпбек Елебеков атындағы республикалық эстрада-цирк колледжі» РМҚК директоры**
**_____________ Ж.Сейдуллаұлы**
**«23» ақпан 2026 ж.**

## «ЖҮСІПБЕК ЕЛЕБЕКОВ АТЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭСТРАДА-ЦИРК КОЛЛЕДЖІ» РМҚК БІЛІМАЛУШЫЛАРЫ ҮШІН ІШКІ ТӘРТІП ҚАҒИДАЛАРЫ

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ішкі тәртіп қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленді.

2. Қағидалар Колледж білім алушыларының құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін айқындайды.

3. Қағидалардың талаптары Колледждің барлық білім алушылары үшін міндетті болып табылады.

4. Қағидалардың мақсаты:

4.1 оқу тәртібін нығайту;

4.2 қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету;

4.3 академиялық адалдық қағидаларын сақтау;

4.4 білім беру сапасын арттыру.

### 2-тарау. Білімалушылардың құқықтары

5. Білім алушылардың:

5.1 мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес білім алуға;

5.2 белгіленген тәртіппен жеке оқу жоспары бойынша білім алуға;

5.3 студенттік өзін-өзі басқару органдарына қатысуға;

5.4 Колледждің кітапхана, ақпараттық және спорттық ресурстарын пайдалануға;

5.5 оқытушылардан кеңес алуға;

**УТВЕРЖДАЮ**
**Директор РГКП «Республиканский эстрадно-цирковой колледж имени Жусипбека Елебекова»**
**_____________ Ж.Сейдуллаұлы**
**«23» ақпан 2026 г.**

## ПРАВИЛА ВНУТРЕННЕГО РАСПОРЯДКА ДЛЯ ОБУЧАЮЩИХСЯ РГКП «РЕСПУБЛИКАНСКИЙ ЭСТРАДНО- ЦИРКОВОЙ КОЛЛЕДЖ ИМЕНИ ЖУСИПБЕКА ЕЛЕБЕКОВА»

### Глава 1. Общие положения

1. Настоящие Правила разработаны в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

2. Правила определяют права, обязанности и ответственность обучающихся Колледжа.

3. Требования Правил обязательны для всех обучающихся.

4. Цель Правил:

4.1 укрепление учебной дисциплины;

4.2 обеспечение безопасной образовательной среды;

4.3 соблюдение принципов академической честности;

4.4 повышение качества образования.

### Глава 2. Права обучающихся

5. Обучающиеся имеют право:

5.1 на получение образования в соответствии с государственными стандартами;

5.2 на обучение по индивидуальному учебному плану;

5.3 на участие в органах самоуправления;

5.4 на пользование ресурсами Колледжа;

5.5 на получение консультаций;

| | |
|---|---|
| 5.6 өмірі мен денсаулығының қорғалуына;<br>5.7 Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шәкіртақы алуға құқығы бар. | 5.6 на охрану жизни и здоровья;<br>5.7 на получение стипендии в установленном порядке. |
| **3-тарау. Білімалушылардың міндеттері**<br>6. Білім алушылар:<br>6.1 Қазақстан Республикасының заңнамасын, Колледж Жарғысын және осы Қағидаларды сақтауға;<br>6.2 білім беру бағдарламасын адал меңгеруге;<br>6.3 оқу жоспарын орындауға;<br>6.4 академиялық адалдық қағидаларын сақтауға;<br>6.5 Колледж мүлкіне ұқыпты қарауға;<br>6.6 қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауға;<br>6.7 әкімшілік пен оқытушылардың заңды талаптарын орындауға міндетті. | **Глава 3. Обязанности обучающихся**<br>6. Обучающиеся обязаны:<br>6.1 соблюдать законодательство РК, Устав колледжа и настоящие Правила;<br>6.2 осваивать образовательную программу добросовестно;<br>6.3 выполнять учебный план;<br>6.4 соблюдать принципы академической честности;<br>6.5 бережно относиться к имуществу колледжа;<br>6.6 соблюдать требования техники безопасности и пожарной безопасности;<br>6.7 выполнять законные требования администрации и преподавателей. |
| **4-тарау. Сыртқы келбетке қойылатын талаптар**<br>7. Колледжде білім алушылар үшін іскерлік киім үлгісі белгіленеді.<br>8. Киім ұқыпты, таза және оқу процесінің талаптарына сәйкес болуы тиіс.<br>9. Спорттық киім тек дене шынықтыру сабақтарында және спорттық іс-шараларда киіледі. | **Глава 4. Внешний вид обучающихся**<br>7. Установлен деловой стиль одежды.<br>8. Одежда должна быть аккуратной, чистой, соответствовать требованиям учебного процесса.<br>9. Спортивная форма носится только на уроках физкультуры и спортивных мероприятиях. |
| **5-тарау. Көтермелеу шаралары**<br>10. Білім алушыларға оқу жетістіктері және қоғамдық белсенділігі үшін келесі көтермелеу шаралары қолданылуы мүмкін:<br>10.1 алғыс жариялау;<br>10.2 грамотамен марапаттау;<br>10.3 өзге де көтермелеу түрлері. | **Глава 5. Поощрения**<br>10. За успехи в обучении и общественную активность:<br>10.1 устная благодарность;<br>10.2 награждение грамотой;<br>10.3 другие формы поощрения. |
| **6-тарау. Тәртіптік жауапкершілік**<br>11. Қағидаларды бұзғаны үшін келесі тәртіптік шаралар қолданылуы мүмкін:<br>11.1 ескерту;<br>11.2 сөгіс;<br>11.3 қатаң сөгіс; | **Глава 6. Дисциплинарная ответственность**<br>11. Возможные меры:<br>11.1 замечание;<br>11.2 выговор;<br>11.3 строгий выговор; |

| | |
|---|---|
| 11.4 Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оқудан шығару.<br>12. Тәртіптік жаза директордың бұйрығымен рәсімделеді.<br>13. Тәртіптік жаза қолдану алдында білім алушыдан жазбаша түсініктеме талап етіледі. | 11.4 отчисление по закону РК.<br>12. Применяется приказом директора.<br>13. Перед наложением дисциплинарного взыскания требуется письменное объяснение. |
| **7-тарау. Білімалушыларды уақытша аудиториялық сабақтардан босату тәртібі**<br>14. Білім алушылар халықаралық, республикалық немесе өңірлік жарыстарға, конкурстарға, фестивальдерге, гастрольдерге, шығармашылық және кәсіби іс-шараларға қатысуына байланысты уақытша аудиториялық сабақтардан босатылуы мүмкін.<br>15. Уақытша босату:<br>15.1 Колледж директорының бұйрығы негізінде;<br>15.2 қатысуды растайтын ресми құжат (шақыру хаты, келісімшарт, бұйрық, анықтама және т.б.) болған жағдайда;<br>15.3 оқу бөлімінің ұсынысы бойынша жүзеге асырылады.<br>16. Уақытша босату кезеңінде:<br>16.1 білім алушы аудиториялық сабақтарға қатысудан босатылады;<br>16.2 әр пән бойынша тиісті оқытушыдан жеке тапсырмалар алады;<br>16.3 тапсырмаларды оқытушымен келісілген мерзімде орындайды;<br>16.4 орындалған жұмыстар белгіленген тәртіппен бағаланады.<br>17. Уақытша босату академиялық демалыс болып табылмайды және білім алушының мәртебесі сақталады.<br>18. Білім алушы оқу бағдарламасын толық меңгеруге және аралық және қорытынды бақылауларды тапсыруға міндетті.<br>19. Уақытша босату мерзімі 2 (екі) айдан аспауы тиіс. Қажет болған жағдайда мерзім директордың қосымша бұйрығымен ұзартылуы мүмкін.<br>20. Уақытша босату білім алушының немесе оның заңды өкілінің (кәмелетке | **Глава 7. Порядок временного освобождения обучающихся**<br>14. Обучающиеся могут быть временно освобождены от аудиторных занятий в связи с участием в международных, республиканских и региональных соревнованиях, конкурсах, фестивалях, гастролях и иных профессиональных мероприятиях.<br>15. Освобождение осуществляется:<br>15.1 на основании приказа директора Колледжа;<br>15.2 при наличии официального подтверждающего документа;<br>15.3 по представлению учебной части.<br>16. В период освобождения:<br>16.1 освобождение от аудиторных занятий;<br>16.2 получение индивидуальных заданий от преподавателей;<br>16.3 выполнение заданий в согласованные сроки;<br>16.4 оценивание результатов в установленном порядке.<br>17. Освобождение не является академическим отпуском и не влияет на статус обучающегося.<br>18. Обучающийся обязан освоить образовательную программу в полном объеме и пройти промежуточный и итоговый контроль.<br>19. Срок освобождения не должен превышать 2 месяцев; при необходимости продлевается дополнительным приказом директора.<br>20. Освобождение осуществляется на основании письменного заявления обучающегося либо его законного представителя (для несовершеннолетних). |

| | |
|---|---|
| толмаған жағдайда) жазбаша өтініші негізінде жүзеге асырылады.<br>21. Кәмелетке толмаған білім алушылардың іс-шараларға қатысуы ата-анасының немесе заңды өкілінің жазбаша келісімімен ресімделеді.<br>22. Іс-шараға қатысу кезеңіндегі өмірі мен денсаулығы үшін жауапкершілік:<br>22.1 іс-шараны ұйымдастырушы тарапқа;<br>22.2 білім алушыны алып жүретін жетекшіге (болған жағдайда);<br>22.3 кәмелетке толмаған жағдайда – ата-анасына немесе заңды өкіліне жүктеледі.<br>23. Колледж білім алушыны аудиториялық сабақтардан босату бөлігінде ғана жауапкершілік алады және іс-шара өткізілетін жерде туындайтын жағдайлар үшін жауап бермейді.<br>24. Барлық қатысушы тараптардан жазбаша өтініштер мен қолхаттар алынады және белгіленген тәртіппен тіркеледі. | 21. Участие несовершеннолетних оформляется письменным согласием родителей или законных представителей.<br>22. Ответственность за жизнь и здоровье обучающегося в период мероприятия возлагается:<br>22.1 на организатора;<br>22.2 на сопровождающего руководителя (при наличии);<br>22.3 на родителей (законных представителей) для несовершеннолетних.<br>23. Колледж отвечает только за освобождение от аудиторных занятий и не несет ответственность за происшествия вне территории Колледжа во время мероприятия.<br>24. Письменные заявления и согласия всех участвующих сторон подлежат обязательной регистрации. |
| **8-тарау. Қорытынды ережелер**<br>25. Осы Қағидалар директордың бұйрығымен бекітіледі.<br>26. Қағидаларға өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес енгізіледі. | **Глава 8. Заключительные положения**<br>25. Правила утверждаются приказом директора.<br>26. Изменения и дополнения вносятся в соответствии с законодательством РК. |

**«Жүсіпбек Елебеков атындағы республикалық эстрада-цирк колледжі» РМҚК**

**Білімалушылардың ішкі тәртіп қағидаларымен танысу парағы /**

**Лист ознакомления с правилами внутреннего распорядка для обучающихся**

Мен, төменде қол қойған білімалушы, «Білім алушыларға арналған ішкі тәртіп қағидаларымен» таныстым, талаптарын сақтауға міндеттенемін.

Я, нижеподписавшийся(ая) обучающийся, ознакомился(ась) с «Правилами внутреннего распорядка для обучающихся» и обязуюсь соблюдать их требования.

Мамандық ________________________________________________

Курс __________

| № | Білімалушының аты-жөні / ФИО обучающихся | Қолы / подпись | Күні / дата |
|---|---|---|---|
| 1. | | | |
| 2. | | | |
| 3. | | | |
| 4. | | | |
| 5. | | | |
| 6. | | | |
| 7. | | | |
| 8. | | | |
| 9. | | | |
| 10. | | | |
| 11. | | | |
| 12. | | | |
| 13. | | | |
| 14. | | | |
| 15. | | | |
| 16. | | | |
| 17. | | | |
| 18. | | | |
| 19. | | | |
| 20. | | | |
| 21. | | | |
| 22. | | | |
| 23. | | | |
| 24. | | | |
| 25. | | | |

Курс кураторы ___________________________ қолы _______________